

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 484 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғысында:

49-тармақта:

15-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15-5) Қордың "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры түріндегі коммерциялық емес ұйымға өзінің таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде жыл сайын қаражат бөлуі туралы шешім қабылдауы;"

мынадай мазмұндағы 15-6) тармақшамен толықтырылсын:

"15-6) Қордың ұсынуы бойынша Қордың немесе Қор тобының ұйымының бір көзден алу тәсілімен, оның ішінде Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуына ықпал ететін әлеуметтік маңызы бар, өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыру үшін Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде сатып алуды жүзеге асыруы туралы шешім қабылдауы;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов